



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

17.09.2023

Атырау қаласы

№ 09-5/147

город Атырау

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет
туралы Ережені бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы №112 бұйрығымен бекітілген Квazимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ережеге сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Атырау облыстық мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының «Облыстық Махамбет атындағы Академиялық қазақ драма театры» КМҚК-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы Ереже бекітілсін.

2. Осы бұйрықты комплаенс - офицер Н.Курганбаева белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалысын қадағалау комплаенс Н.Курганбаева жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Театр басшы

А.Мусағалиев

манастоящий Жордан

«БЕКІТЕМІН»

«Облыстық Махамбет атындағы
Академиялық қазақ драма театры»
КМҚК-ы басшысы

А.Мусағалиев

«18» қыркүйек 2026 жыл



Атырау облыстық мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының
«Облыстық Махамбет атындағы Академиялық қазақ драма театры»
КМҚК-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы

ЕРЕЖЕСІ

1-тарау. Жалпы ережелер

Атырау облыстық мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының
«Облыстық Махамбет атындағы Академиялық қазақ драма театры» КМҚК-
ның (әрі қарай- Кәсіпорын) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс –қызмет
туралы осы Ереже Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа
қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет)
Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 бұйрығымен бекітілген
квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы
комплаенс-қызметтер туралы Үлгілік ережеге және «Сыбайлас жемқорлыққа
қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң)
16-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді.

Осы ереже Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-
қызметінің мақсаттарын, міндеттерін, қағидаттарын, функциялары мен
өкілеттіктерін айқындайды.

Осы ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) **сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс** – Кәсіпорынның және оның
қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл жөніндегі заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі
функция;

2) **сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау** – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу;

3) **мүдделер қақтығысы** – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындауына және (немесе) тиісінше орындамауына алып келуі мүмкін;

4) **сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық** – заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

5) **сыбайлас жемқорлық тәуекелі** – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындауы мүмкіндігі;

6) **сыбайлас жемқорлықтың алдын алу** – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызмет;

7) **сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган** – Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыруды және іске асыруды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үйлестіруді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері.

4. Кәсіпорынның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасын (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс) сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі функцияны комплаенс-офицер орындайды.

5. Комплаенс-офицер Кәсіпорынның дербес лауазымды тұлғасы немесе Кәсіпорын директорының бұйрығымен тағайындалған және Кәсіпорын директорына тікелей бағынатын осы лауазымды қоса атқаратын қызметкер.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз өкілеттігін Кәсіпорынның лауазымды адамдарына қарамастан жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтауды қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке әдіснамалық қолдауды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшесі көрсетеді.

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс –қызмет функциясын Кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметіне, кадрлармен қамтамасыз етілуіне, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға байланысты басқа құрылымдық бөлімшелердің функцияларымен ұштастыруға жол берілмейді.

2 тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің мақсаты, міндеті, принциптері мен функциялары және өкілеттігі

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің негізгі қызметінің мақсаты – Кәсіпорын мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың жүзеге асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің тапсырмалары:

Кәсіпорынның және оның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы Қазақстан Республикасының заңдарын және алдын алу құралдарын енгізуді қамтамасыз ету;

Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;

Кәсіпорында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді қамтамасыз ету;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеуші талаптарының және озық халықаралық тәжірибенің сақталуын қамтамасыз ету;

Заңнамаға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету.

3. Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыруға қажетті негізгі қағидаттары басшылыққа алынады:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын орындау үшін бөлінген өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;
- кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс тиімділігіне құндылығы;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің ақпараттық ашықтығы;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің тәуелсіздігі;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыратын мамандардың құзыреттерін үнемі арттыру.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің функциялары:

- ішкі саясаттарды әзірлеуді қамтамасыз етеді;
- кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылының ішкі саясатын;
- кәсіпорын қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық;
- кәсіпорындағы мүдделер қақтығысын анықтау мен реттеудің ішкі саясаты;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл стандарттары;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспары;
- кәсіпорын қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібін регламенттейтін құжат.
- корпоративтік әдеп пен мінез-құлық мәселелерін регламенттейтін құжат;
- Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігіне қатысты ақпарат жинауды, өңдеуді, қорытуды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады;

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қаңтардағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес Кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді ұйымдастырады;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның және Кәсіпорынның бірінші басшыларының бірлескен шешімі бойынша жүргізілетін Кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауға қатысады;

Кәсіпорында анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне және оларды минимизациялау және жою бойынша қабылданатын шараларға мониторингті жүзеге асырады;

Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;

Кәсіпорын қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту семинарларын ұйымдастырады;

Кәсіпорын қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын және корпоративтік әдеп пен мінез-құлық мәселелерін сақтауын бақылауды қамтамасыз етеді;

Кәсіпорын ұйымында жалпы қабылданған моральдық нормаларына сәйкес келетін өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет құзыреті шеңберінде мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың Заңда белгіленген қаржылық бақылау шараларын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауын қамтамасыз етеді;

Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспарын орындауына мониторинг жүргізеді және жүргізіледі;

Кәсіпорынның мүдделер қақтығысын, оның ішінде жұмысқа орналастыру, сатып алу мәселелерін анықтау, мониторингілеу және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

Кәсіпорында сыйлықтар беру және алу мәселелерін реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

контрагенттердің сенімділігін кешенді тексеруді жүзеге асырады.

Кәсіпорындағы сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және /немесе оларға қатысады;

Кәсіпорынға сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерге мониторинг пен талдау жүргізеді;

Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру тиімділігіне бағалау жүргізеді;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша Кәсіпорынның құрылымдық бөлімдері мен қызметкерлерінің ақпаратын тыңдайды;

Кәсіпорын басшысына анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, Кәсіпорын қызметіндегі ішкі процестерінің тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органмен және мемлекеттік органдармен, қоғамдық бірлестіктермен сондай-ақ өзге де жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз қызметінің шеңберінде:

Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын материалдарды сұратады және алады;

Кәсіпорын басшысының қарауына олардың құзыретіне жататын мәселелерді шығаруға бастамашылық жасайды;

ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түсетін хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізеді;

Кәсіпорын қызметкерлерінен қызметтік тергеу шеңберінде жазбаша түсіндірмелер беруді талап етеді;

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және оларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді;

өз құзыреті шегінде ішкі құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысады;

Кәсіпорын қызметкерлерін Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігі туралы хабарлауы үшін, Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізу үшін ақпараттандыру арналарын құрады.

6. Өз қызметін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызмет:

1) Кәсіпорын және оның үлестес тұлғалары туралы ақпараттың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың, егер онда дайындалып жатқан және (немесе) жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы деректер болмаса, құпиялылығын сақтайды;

2) Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыбайлас жемқорлықтың, корпоративтік Әдеп кодексінің және өзге де ішкі құжаттардың бұзылуының болжамды немесе нақты фактілері бойынша жүтінген адамдардың құпиялылығын қамтамасыз етеді;

3) Кәсіпорын басшысы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуымен немесе ықтимал мүмкіндігімен байланысты кез келген жағдайлар туралы уақтылы хабардар етеді;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы хабарларды қарайды;

5) Кәсіпорынның белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;

6) қызметтік және кәсіби этиканы сақтайды.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес комплаенс-қызметтің қызметкерлеріне:

1) алдағы үш жыл ішінде олар қатысқан процестерді тексеруге қатысуға;

2) тексерудің бейтараптығына нұқсан келтіретін немесе осындай зиян келтіруі мүмкін кез келген әрекетке қатысуға;

3) құпия ақпаратты жеке мүддесі үшін пайдалануға;

4) іскерлік этика нормаларын бұзуға;

5) нәтижесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігіне, объективтілігіне және бейтараптылығына нұқсан келтіруі мүмкін не осындай залал келтіреді деп қабылдануы мүмкін сыйлықтарды қабылдауға және көрсетілетін қызметтерді пайдалануға;

6) мүдделер қақтығысына әкелуі мүмкін тексерулерге, қызметтік тексерулерге және басқа да іс-шараларға қатысуға болмайды.

8. Кәсіпорын басшылығы:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметін жүзеге асыруға жәрдемдесуге, оның мақсаттарын, міндеттерін, функциялары мен міндеттерін орындауға, құқықтарын іске асыруға жәрдемдесуге;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметін әкімшілік (ұйымдық-техникалық) қамтамасыз етуді жүзеге асыру, оның ішінде ақпараттық жүйелер мен қосымшаларды (қажетті деректерге қолжетімділікті) және өзге де тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда, оның қызметі үшін қажетті мүмкіндіктермен, активтермен және ресурстармен қамтамасыз ету;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметі, әлеуметтік және коммуникациялық дағдылар мен құзыреттер мәселелері бойынша оқыту және сертификаттау мүмкіндіктерін беру қажет.

9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимылы жұмыстағы өзара сыйластық пен дұрыстық негізінде құрылады.

10. Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке:

1) осы Ереженің 7-тармағының 1) тармақшасында белгіленген есепке алу қабілеттілігін ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсынуға;

- 2) анықталған тәуекелдер мен бұзушылықтарды объективті талқылауға;
- 3) туындайтын мәселелер мен сұрақтарды бірлесіп шешуге.

3-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің есептілігі

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет тоқсан сайын квазимемлекеттік сектор субъектісінде қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша ақпаратты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет кәсіпорын басшысына мерзім сайын есеп береді. Кәсіпорын басшысы тарапынан ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туындаған кезде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет Заңның 24-бабының 1-тармағына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгінеді.